

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 желтоқсандағы N 1241-1 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 225 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 225 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 6, 58-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесінде:

19-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"19-тарау. Есеп айырысулардың аккредитивтік нысанын пайдалану

165. Аккредитив ұлттық валютада құжаттамалы есеп айырысулар кезінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізуге және Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен шетел валютасында құжаттамалы есеп айырысулар кезінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізуге п а й д а л а н ы л а д ы .

166. Шетел валютасында аккредитив азаматтық-құқықтық мәмілені тіркегеннен кейін мемлекеттік мекеме ҚР ҰБ белгілеген деректемелерді қамтитын аккредитив ашуға арналған өтініш бергеннен кейін ашылады.

167. Шетел валютасында аккредитив ашу аккредитивтің түрі, бенефициар, орындаушы банк, олардың негізінде аккредитив орындалатын құжаттардың тізбесі және аккредитивтің қолданылу мерзімі туралы ақпаратты қамтитын шарт талаптарына сәйкес жүргізіледі. Аккредитивті ашуға арналған өтініштің мазмұны шарттың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Ұлттық валютада аккредитив мемлекеттік мекеме шартының қолданылу мерзімін оны ағымдағы қаржы жылында орындау мерзімімен келесі қаржы жылына ұзартқан жағдайда, сондай-ақ бір қаржы жылынан астам мерзімге жасалған шарттар бойынша ғана ашылады.

168. Ұлттық валютада аккредитив ашуға мынадай:

республикалық бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) дайындауға және іске асыруға байланысты;

республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) дайындауға және іске асыруға байланысты;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген қаражаттың есебінен ;

Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдары үшін қару-жарақ, оқ-дәрі мен арнайы техниканы жеткізу жөніндегі шығыстар бойынша есеп айырысу кезінде ж о л б е р і л е д і .

169. Осы Ереженің 168-тармағында көрсетілген шығыстар бойынша шарттың орындалу мерзімін ұзарту және аккредитив ашу республикалық бюджет комиссиясының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жүргізіледі.

Республикалық бюджет комиссиясының оң қорытындысы болған кезде республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті қаулы жобасын енгізеді.

170. Ұлттық валютада аккредитив ашу тегін негізде жүргізіледі.

Ұлттық валютада аккредитив Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұзартылған шарттың қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге ашылады.

171. Мемлекеттік мекеме ұлттық валютада аккредитив ашу үшін аумақтық қ а з ы н а ш ы л ы қ о р г а н ы н а :

41-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төрт данадағы өтінішті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шарттың орындалу мерзімін ұзарту және аккредитив ашу туралы шешімінің көшірмесін;

онда аккредитив сомасын, есеп айырысулардың құжаттамалы нысанын пайдалана отырып тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін есеп айырысулар жүргізілгендігі туралы шартты, олардың негізінде аккредитив орындалатын құжаттардың тізбесін көрсете отырып, шартқа қосымша келісімді ұсынады.

Ұсынылған құжаттарды тексеру жүзеге асырылғаннан және аккредитив ашқаннан кейін өтініштің бір данасы аккредитивтің ашылғаны туралы белгімен мемлекеттік мекемеге қайтаруға жатады.

Мемлекеттік мекеме ағымдағы қаржы жылы аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей аумақтық қазынашылық органына ашылған аккредитив сомасына төлеуге берілетін шот ұсынады.

Аккредитивті орындау мақсатында ұлттық валютада жүзеге асырылатын төлем осы Ереженің 5-бөлімінде белгіленген тәртіппен төлеуге берілетін шоттың негізінде жүргізіледі.

172. Ұлттық және шетелдік валюталардағы аккредитив шарттың мерзімінен бұрын орындалуына не аккредитивтің қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты ж а б ы л а д ы .

Аккредитивті мерзімінен бұрын жапқан кезде мемлекеттік мекеме Қазынашылық комитетіне аккредитивтің орындалуына байланысты оны жабу туралы ө ті ні ш пен жү гі не ді .

Аккредитивтің пайдаланылмаған сомаларын қайтару осы Ереженің 194-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Аккредитивтің жабылуы туралы хабарлама мемлекеттік мекемеге ол жабылғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

173. Қазынашылық комитеті 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша карточкаларда берушінің пайдасына ашылған әрбір аккредитивтің бөлінісінде мемлекеттік мекемелердің аккредитивтерін талдамалық есепке алуды жүргізеді.

Аккредитивтер бойынша есеп пен есептілік жүргізу бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - М и н и с т р і*